# Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі



Пән мұғалімі: Тұрлыбек А.Ә

## Тақырыбы: Қазақ тілі лексикасын Блум таксономиясы арқылы оқыту

2017 - 2018 оқу жылы

WWW.GEE.RU



*Бенджамин Блум – Американдық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан.*

*1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру.*



# Блум таксономиясы

**Білім игеруге бағытталған 6 қадам**




MyShared

**Білу - таным мен ойлау деңгейі – төменгі деңгей. Бұл деңгей мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.**

**Түсіну - орта деңгей. Жаңа материалдағы білімді түсінгенін анықтау үшін, диалогтық байланыс жасау. Оқушылардың ойларын өзгеше түрде сұрау, болжам жасату. Жаңа материалды түсінуін қамтамасыз ету.**

**Қолдану - орта деңгей. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан өмірде қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.**

**Талдау – жоғарғы деңгей.Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау**

**Жинақтау– жоғарғы деңгей. Оқу материалындағы жеке бөлшектерден немесе шашылған дүниелерден жаңа жасауға көмектесу. Жалқыдан жалпыға бағыттау.**

**Бағалау. Жоғарғы деңгей. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру. Бұл оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді. Материалдың өзі үшін керектісін, құндылығын анықтау.**

www.tvoyrebenok.ru

Тойдың басы тойбастар демекші, үстел үстіндегі тойбастар-тәттілерді алу арқылы оқушыларды үш топқа бөлемін. Осы тәттілердің ішінде тірек сөздер болады, сол арқылы біздің тақырыбымыз «Лексика» екендігін анықтаймыз.

Блум таксономиясы бойынша лексика тақырыбын түгел қамтып қорытынды той сабағын өттім.


Антонимдер
Омонимдер
Синонимде
р
Тұрақты
тіркестер
Көнерген
сөздер



1.Блум таксономиясының білу сатысы бойынша лексикадағы анықтамаларды қайталадық



2.Түсіну бөлімінде оқушылармен бірлесе отырып, лексика тақырыбын кестеге айналдырған болатынбыз. бұл кестені мына слайдтан көреміз.



## Жалпылама лексика

- Бұлар ешқандай мамандык пен кәсіпке қарап жарылып бөлінбейді, бір тілде сөйлейтін барлық адамға ортақ болып жұмсала береді.
- Бұл сөздер малшыға да, егіншіге де, жұмысшыга да, аңшыға да, балықшыға да, ақынға да, ғалымға да, бір сөзбен айтқанда, қазақша тіл білетіндердің бәріне бірдей қызмет етеді.

## Қолдану өрісі тар лексика

- Жаңа сөздер, көнерген сөздер, кәсіби сөздер
- Термин сөздер, диалектілер, кірме сөздер

3. Қолдану бөлімінде материалды тереңірек игеруді үш топқа қонаққкәде ретінде екі тапсырмадан бөліп беру арқылы жүзеге асырдым. Бұл тапсырмалар келесі слайдта.

# №1 Сөздердің тура немесе ауыспалы мағынада тұрғандарын анықта.

**Ашық** : ашық бөлме, ашық терезе,ашық хат, ашық ауыз.

**Жабық:** жабық дүкен, жабық жиналыс,жабық есік,жабық мінез.

**Суық :**суық ауа-райы,суық күн,суық кабинет,суық хабар.

**Жылы:** жылы киім,жылы қабақ,жылы сөз,жүзі жылы.

*Тура ағаш – үйге тіреу, тура жігіт – елге тіреу. (Мақал)*

Компьютердің “миы” процессор.

3.Топ басшысы, куратордың оң қолы.

**№2 Сөйлемдерді оқып, құрамынан тура және ауыспалы мағыналы сөйлемдерді ажыратыңдар.**

Дыбыс. Қосу. Көбейту. Екпін.. Сөз. Әріп. Тінтуір.Мотор. Пернетақта. Иінді білік. Жүйелі блок. Бағдарлама.Power Point. Оқтау. Дәмхана. Котлет. Мәзір. Электрод. Қозғалтқыш. Тежеуіш.

**№ 3. Төмендегі сөздерді мағыналарына қарай топтап, олардың қай салаға тән атаулар екенін айтыңдар.**

# №4. Берілген синоним сөздердің мағынасын есте сақта.Көшіріп жаз.

Алыс-қашық,шет,алшақ, аулақ.

Әлем-дүние,жиһан,жер-жүзі, ғалам.

Ас-тамақ,тағам,дәм.

Монитор –дисплей-экран

Шапшаң-лезде-тез

# №5 Берілген суреттермен тұрақты тіркес құрастырып жазу:слайд

Ауызын ашпады

Түймедейді түйедей ету.

Көзді ашып жұмғанша.

Төбе шашы тік тұрды

Өзінің бес саусағындай біледі



4.Талдау бөлімінде бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау мақсатында лексика тақырыбындағы көп мағыналы сөздер мен омонимдерді салыстыра жұмыс жасадық. Яғни көп мағыналы сөздер мен омонимдердің айырмашылықтары мынада:

**Көп мағыналы сөздер мен омонимдерді шатастыруға болмайды. Көп мағыналы сөздердің әр мағынасы бір-біріне жақын, бір-бірімен байланысты болады**

**М: Құлақ-адамның құлағы,домбыраның құлағы**

**Омоним сөздердің мағыналары бір-бірімен байланысты емес, мағыналары бүтіндей бөлек болады.**

**М: Күл- жымиып күл (іс-әрекет),оттың күлі ( жанған заттың қалдығы)**

# Венн диаграммасы.



Жинақтау бөлімінде үш топтан бір-бір оқушы лексиколог, филология ғылымдарының кандитаты және тілші болып рөлдерде ойнап бүкіл лексика тақырыбын қамтып бір-біріне сұрақтар қою арқылы тақырыпты жинақтап қорытындыладық.

Той
тарханында
отырған
онақтарға
табақтан
мүшелер
ратылады
, сондықтан
той-
ағымыздың
соңында
рындаған
ырмаларын
айланысты
ға таратып
беремін.

Бағалау бөлімінде әр топ өзіндік пікірін білдіріп, сабақтан алған әсерлері туралы айтып рефлексия орнады

Сабаққа оқушылар белсенді түрде қатысып, өз ойын, пікірін дәлелдеуге дағдыланады

...ірып ...үгел қамтылады, Бір сабақта бірнеше тапсырмалар ...

**Блум таксономиясымен сабақ өткізу тиімділігі**

Әр оқушы білім деңгейін байқап, өзін- өзі бағалап отырады

Мұғалім де оқушы да көп ізденуге машықтанады